

2.2021

تەبىئىي پەنلەر مىللىيىتى





Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 20.03.2020 жылы тіркеліп, KZVPY00021491 куәлігі берілді.

2/2021

сәуір, мамыр, маусым



Сыртат адамды тегін емдеп, сауықтыру - басты парызым.

Ырғызбай Досқанаұлы

Ырғызбай әулие

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮШ АЙДА БІР ШЫҒАТЫН ҒЫЛЫМИ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

И.Ю.Машков, Д.Р.Бородина, Х.И. Махперова, Э.В. Бородина, М.Г. Рыбинцева, С.В. Плехова, Е.Е. Хайрушева, М.К.Райымкулова, Тайманұлына 230 жыл, К.К.Айтмұқашева, Л.О. Токтагулова, Г.И.Касымова, М.М.Даулбаева, А.С.Сағарбаева, Л.Н.Исмагулова, Тәрбие жұмысының маңызы, Н.М. Ахмеджанова, С.А. Елнсева, А.Ж. Сағымбаева, Салауатты өмір салтының әлеуметтік-мәдени мәселесі, Г.А.Жумагулова, К.К.Айтмұқашева, Т.Л. Тажибоева, Г.Б. Танабекова, Д.В.Синьков, В.В.Лептиков, Н.У.Чыныбаев, В.А.Клепиков, Ж.А.Бегалиева, Б.С.Омарғалиев, Ғ.Б.Қалыбек, О.И.Олефер, А.М.Есбатырова, Ж.Қ.Әшірәлиева, А.Е.Оразбаев, Р.Ж.Амиргалиева, Г.А.Қасымова, А.Е. Оразбаев, А.Д. Жігітбекова, Э.Н. Турдығалиева, Г.Ж.Айтжанов, М.С.Науанов, Г. К.Жетписбаев, М.Ақай, Д.Е.Зекенова, Г.Х.Турғанбаев, Н.Т.Серікбаев, А.Т.Мусина, М.Әуезов «Жетім» әңгімесі, Р.Ж. Тангирбергенова, Ж.Дүйсен, А.Ө.Досанова, Ж.А.Ақбаева, Ө.Ұ.Сегізбаев, А.Ю.Ахмедова, Г.М.Ағибаева, Ж.О.Мукымжанова, О.И.Олефер, А.К.Қожахан, И.Сламқұл, А.К.Қожахан, М.Толқанбаев, Е.О. Джуашев, А.А.Нусипова, А.Ж.Сағымбаева, А.Н. Натикулова.	Особенности проведения занятий со студентами в оздоровительных группах в режиме дистанционного обучения.....3 Дистанционный формат обучения по физической культуре в ВУЗах.....4 Научная работа кафедры РФИМЛ.....7 Ұлы даланың ұлы есімдері Исатай Тайманұлына 230 жыл.....8 Қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылардың түсінік деңгейін бағалау.....8 Үйсіндер туралы жазба деректер.....10 Информатика алғырлары.....11 А.С.Сағарбаева, Л.Н.Исмагулова, Тәрбие жұмысының маңызы.....13 С.А.Елнсева, А.Ж.Сағымбаева, Салауатты өмір салтының әлеуметтік-мәдени мәселесі.....15 Отбасымен бірлесе жеке тұлғаны қалыптастыру.....17 «Х» еліне саяхат.Х дыбысы мен әрпі.....18 «Жасыл даму» - әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ басым бағыттары бірі.....20 Методические рекомендации по организации дистанционного обучения в ВУЗе по дисциплине «физическая культура».....21 Оқушылардың таным белсенділігін арттыру жолдары.....26 Білім нәрі тал бесіктен беріледі.....27 Өмірін ерлікпен өрнектегендер.....28 Учим таблицу умножения быстро, легко и с увлечением.....29 Білім негізі – бастауышта.....31 ҚАЗҰУ қашықтықтан оқыту – білім берудегі жаңа технологиялардың бірі.....32 Инновациялық технологияларды кәсіби білім беру үдерісіне қолдану.....33 Инновациялық технологиялар – болашақ кепілі.....34 Э.Н.Турдығалиева, Қазіргі заманауи жағдайдағы экомәдениеттілік.....35 Физическое воспитание студентов в ВУЗе.....37 Атмосфералық қысымның биіктікке байланысты өзгеруі.....38 Этнографические материалы Ы.Алтынсарина – источник этнического познания «Казахов».....39 Жай бөлшектерді және аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу.....41 Алгебралық бөлшектерді қосу және азайту.....43 М.Әуезов «Жетім» әңгімесі.....45 Казахстан – моя родина.....47 Компьютердің қызметі.....47 Программа жасаудың кіріктірілген ортасының құрамдас бөліктері- Integrated Environment Software Development Components.....49 Екі санның қатынасы, екі санның пайыздық қатынасы.....52 Электр энергетикасы.....53 «Методические рекомендации по нормативам чтения в начальной школе».....55 Эссе «Размышления о Жамбыле Жабаеве».....57 Телебидің даналық сөздерінің тәрбиелік мәні.....57 Родина в произведениях М.Макагаева.....58 Д.М.Ақубаева, М.Толқанбаев, И.Сламқұл, Төтенше жағдайлар мамандарын әзірлеудің маңыздылығы.....60 Білікті мамандар даярлауда білім берудің бүкіл жүйесі тінмді.....61 Жасөспірімдердің денсаулығын нығайтудың жолдары.....62 Ыбырай Алтынсарин.....63
---	--

Төрағасы - Бақытгүл КӨШЕРҚЫЗЫ, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин төсбелгісі иегері, Шығыс қазақстан облысының, Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматы».

Бас редактор - Есмбек Асылбекұлы

Ақылдастар алқасы:

Асхат Сайдахметұлы Смаилов-ШҚО, Тарбағатай ауданының әкімі.

Бақыт Қажыбаева - ШҚО, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Ғайни Токтарғазина- ШҚО, Тарбағатай ауданы, ардагер ұстаз.

Меир Гариполлаұлы Ескендіров – тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Хамза САТИЕВ – ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Журналистер одағының мүшесі.

Уәзипа Ахметова Бөкешқызы-ШҚО, Тарбағатай ауданы, педагог, Ы.Алтынсарин төсбелгісі иегері.

высокую оценку... «Божественная комедия» Данте, «Сонеты»... Непревзойденное издание «Божественной комедии» Данте в его переводе. Некрасова, А. Блока. К сожалению, проявилось и при переводе русских поэтов А. Пушкина, Н. Некрасова, А. Блока. К сожалению, слава к Мукагали Макатаеву пришла после смерти, в 1980-е годы: в Алматы его именем названа улица, установлена мемориальная доска на доме, где он жил. Его поэтические строки положены на музыку и звучат в золотой фонд казахской поэзии. А нежные поэтические строки положены на музыку и звучат песнями. В эти же годы появились переводы стихов М. Макатаева на русский язык, сделанные О. Жанайдаровым и М. Курганцевым, Ю. Александровым и Л. Шашковой.

Прошли годы, но как проникновенно звучат слова великого сына великой казахской земли:

Родина — одна,
Она — родная мать.
Её нельзя купить.
Её нельзя продать.
В ней жить и умирать.
И снова воскресать.
О, если б это
Все могли понять.

Литература:

1. Айтматов Ч., Шаханов М. Плач охотника над пропастью (Исповедь на исходе века): Пер. с каз./ Послесл. В. Коркина. — Алматы: Рауан, 1996. — 384с.: фото.
2. Жанат Баймухаметов «Ты Бытие мне посвяти!»...: Избранные поэтические произведения Мукагали Макатаева в переводах Жаната Баймухаметова. — Алматы, 2011—130 с.
3. Мақатаев М. Жыр кітабы / Құрастырғандар: Б.Айдарова, К. Ботбай. — Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. — 1032 б.
4. Абишева С. Если кто ищет меня, я есть в этом мире//Казахстанская правда. — 10.02.2006. — С.19

Алматинская область,
Жамбылский район

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МАМАНДАРЫН ӨЗІРЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.К.Қожахан, Д.М.Ақубаева, М.Толқанбаев, И.Сламқұл,
әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ

Қазіргі уақытта жаңа технологиялардың пайда болып дамуынан және өндірістердің күрделенуінен адам денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін апаттар мен төтенше жағдайлар саны күрт көбеюде. Сол себепті Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі қайта құрылды. Төтенше жағдайлар министрлігі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, өрттердің алдын алу және сөндіруді ұйымдастыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Төтенше жағдайларда кадр қызметкерлерінің жұмыс істеуде психологиялық дайындығы болуы қажет. Төтенше жағдай, апат төңірегінде қалыпты хал-ахуал, оның басты көрсеткіші бүлдіру процесінің жиілігі болып табылады. Бұл процестерді қалпына келтіру үшін қосымша күш пен қаражатты тарту және айрықша шешім қабылдауды талап етеді. Дегенмен, төтенше жағдайдың ең басында бірінші кезекте тұрған адамдық фактор.

Төтенше жағдайларды жою кезінде техногендік, табиғи және психологиялық факторлардың адамға зиянды әсер етуі нәтижесінде денсаулығының бұзылуына жаралану контузия, жарақат алу, мертiгy, радиациялық, химиялық және бактериялогиялық зақымдану, асқынған соматикалық және жұқпалы аурулар, созылмалы аурулардың асқынуы, психосоматикалық және психосоматикалық бұзылулар жатады. Төтенше жағдай кезінде денсаулыққа зиянды әсерлерден де маңыздысы – оның психикасы мен санасының жарақаты. Оның көлемі, әсері неғұрлым көріністі болса, ол көрініс адамның жанында ұзақ уақыт өмір сүреді. Бірақ, жаратылысына қарай төтенше жағдайға тап болған барлық адамдардың қабылдау психикасы бірдей емес. Біреулер тез өзінің ішкі өмірлік ресурстарын жинақтап, оған шешім қабылдауға дайын болса, басқаларының жұмыс қабілеті төмендеп немесе жойылып, денсаулығы нашарлап, физиологиялық және психологиялық жағынан төмендеу құбылысы пайда болады.

Адам табиғаттағы, өндірістегі, көлік апаттарының төтенше жағдайдың басы-қасында болғанда оқиғаны әртүрлі бағалайды. Бірер адамнан шыққан үрейлену көпшілікке берілсе, онда жаппай үрей туындауы мүмкін. Қорқыныш сезімін білмеген адамдар жағдайды шынайы бағалай алмайды немесе асыра сілтеуге бейім тұрады. Олар өз сезіміне бой ұрып, жауапкершілікті жоғалтады. Бұндайда теріс түсінушілік, бұрмалаушылық әнгімелер көп болады. Сондықтан адамдарды төтенше жағдайларға алдын ала дайындау маңызды жұмыс. Апат жағдайында қалай қимылдаудың, іс-әрекеттің кезегін үйрету керек, жаттығулар өткізу қажет. Егер жаппай үрейленушілік туындаса, ондай жағдайда адамдармен тез арада сұхбаттасып, қорқыныш сезімді жоюға тырысу керек. Басқаруды тез арада бір кісі өз қолына алғаны дұрыс. Содан кейін сол

адамдардың өздерін құтқару, қалпына келтіру жұмыстарына кірісу керек. Психикалық денсаулық негізінен жұмыс орнында өзін сезінуге қажетті қабілетті тәжірибені ғана емес, сонымен қатар, оны сақтап қалу үшін қажет. Құтқарушылардың кәсіби қызметін бастапқы сатыда дайындау, сапалы іріктеуге де тәуелді. Психологиялық дайындық психологтар (кезекші ауысымда) және қатардағы құтқарушылар мен басқару бөлімшелері (біліктілікті арттыру басқару қызметкерлері) арқылы жүзеге асырылады. Құтқарушылар үшін бірінші орында өзін-өзі бақылау дағдылары, зардап шеккендермен байланысу қабілеті, оларды психологиялық оқытуға бағыттауда маңызды. Оқу процесіне енгізілген шиеленіс және қауіп элементтері, жоғары психологиялық жүктемені еңсеру үшін бірте-бірте игеріледі, адам белсенді, күрделі және шиеленісті жағдайда ғана өз міндетін жүзеге асырады.

Құтқарушылардың оқу жұмысының мақсаты-қоғамның азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру, тәрбиелеу, сезімін көтеруі, тіпті өмір үшін қауіпті болатын қандай қиындықтар болса да, берілген тапсырманы орындауға дайын болуға үйрету. Адамдар қауіпте әртүрлі әрекет етеді, бірақ бір нәрсе белгілі: жақсы үйретілген, білімді, моральді, психологиялық адам төзімді, әрі сенімді және батыл әрекет етеді.

Адамның қоршаған орта мен техносферамен байланысы кезінде қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге қабілетті мамандарды мемлекетіміздің көптеген жоғары оқу орындарында даярлап жатыр. Соның бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. университеттің еңбек қауіпсіздігі мамандарын даярлаудағы басты міндет – болашақта өндірісте жұмысшылардың тиімді және қауіпсіз жұмыс жасауын, апаттар мен төтенше жағдайларды болжау мен жоюды қамтамасыз ету. Оқу орнында еңбек қауіпсіздігі саласындағы жаңа технологиялар мен құралдарды пайдалана отырып, мемлекетіміздің алдыңғы қатарлы өнеркәсіптерінде практика ету арқылы жас мамандар өздерінің білімін толықтырып жатыр. Соның нәтижесінде студенттер болашақта қажет болатын мынадай біліктіліктер алады: еңбек қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғау, төтенше жағдайлар кезінде қорғанысты ұйымдастыру және оны қамтамасыз ететін техникалық жүйелер мен жабдықтарды жобалау, әзірлеу, енгізу және пайдалану, ұйымның, өнеркәсіптің және адамдардың шаруашылық немесе басқа да қызмет салаларын сараптау мен тексеруді өткізу; адам мен қоршаған орта қауіпсіздігі тұрғысынан сараптама нысанын жүзеге асыру мүмкіндігін бағалау.

Университет профессорлар мен оқытушылардың білім ресурстары және оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы білім алушыларға мемлекетіміздің ғылыми және кәсіби салаларында көптеген мүмкіндіктер ашатын оқу ордасы. Президент Қасым -Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы қыркүйек айындағы және 2021 қаңтар айындағы халыққа жолдауындағы білім беру саласы жөніндегі реформасының талаптарын мінсіз орындап жатыр. Бірінші кезекте қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету үшін «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек». Сонымен қатар кәсіби білім беруді ұйымдастыру үшін «Біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн».

Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтерілуі сапалы білім берудің нәтижесі. Бұл көрсеткіш ҚазҰУ тек еліміздің ғана емес, бүкіл әлемдік көшбасшы университеттер қатарында болуы мақтаныш сезімін туғызады.

Алматы қаласы

БІЛІКТІ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮКІЛ ЖҮЙЕСІ ТИІМДІ

Қожахан Айгүл,

**әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ, техн. ғыл. канд., қауымдастырылған профессор,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы,**

Сламқұл Индира,

**әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ, «Өнеркәсіптегі кешенді қауіпсіздік менеджменті мен
аудиті» мамандығының I курс магистранты,**

Толқанбаев Мақсат,

**әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ, «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің
қауіпсіздігі» мамандығының I курс магистранты**

Қазақстанда карантин режимі енгізілгеннен бері оқу орындары қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. COVID-19 пандемиясы өзінің ауқымы бойынша Қазақстан тарихында бірінші карантин. Қашықтықтан оқыту жүйесі оқу талаптарына сай болмағандықтан біраз қиындықтар туындағаны ақиқат. Еліміздің кейбір елді-мекендері қашықтықтан оқу жүйесіне мүлдем дайын болмағаны байқалды.

ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Карантин және оқшаулау режимі Қазақстанда қашықтықтан білім беру жүйесінің тиімділігі әлі қол жетімді емес екенін көрсетті. Қашықтан оқыту мәселелерін заңнамалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық деңгейде жедел шешу қажет», - деп мәлімдесе, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ОКҚ-да онлайн-брифингте «Біздің білім беру жүйесі үшін қашықтықтан оқытуға көшу де үлкен сынақ. Университеттер үшін бұл өте жақсы таныс формат. Көптеген университеттер қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқытып келді. Көптеген университеттерде сәйкес Интернет-платформа, арнайы жүйе болды. Біз үшін қашықтықтан оқыту шын мәнінде оқыту болуы тиіс, біздің студенттеріміз сабаққа қатысып, қажетті білім алуы өте маңызды», - деді. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім беру жүйесі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУде бұрыннан қолға алынып, әрдайым дамытылып, қолданылып жүрген жүйе.